

енгізілген) қаулысының 9-тармағының 1-2 тармақшасының талаптарына қайши келеді.

5). Мекеменің 30.07.2018 жылғы №32-ж бұйрығына сәйкес бөлімнің бас маманы М.Омарова 2018-жылдың 30 шілдесінен 17 тамызы аралығына Талдықорған қаласына 19-тәулікке қызметтік іссапарға жіберілген, аванстық есеп өткізуде 19-тәуліктің орнына 20-тәулікке тәулік акы төленіп кеткен сомасы 4810 теңге және бір тәулікке 6000 теңге қонақүй ақысы артық төленіп кеткен, жалпы төленген сомасы 214500 теңге, төленуге тиістісі 203690 теңге; 1-тәулікке негіzsіз артық төленген іссапар шығындары **10810**-теңгегі күрады. Бұл бұзушылық КР Үкіметінің «КР аумағында іссапар ережесін бекіту туралы» 2000 жылдың 22 қыркүйегіндегі №1428 (кейінгі толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) қаулысының 9-тармағының 1-2 тармақшасының талаптарына қайши келеді.

6). Мекеменің 12.02.2018 жылғы №9-ж бұйрығына сәйкес бөлімнің бас маманы Г.Нұмұхамбетова 2018-жылдың 12 қаңтардан 16 ақпаны аралығына Талдықорған қаласына 5-тәулікке қызметтік іссапарға жіберілген, аванстық есеп өткізуде 5-тәуліктің орнына 7-тәулікке тәулік акы төленіп кеткен, төленген сомасы 61470 теңге, төленуге тиістісі 51850 теңге, 2-тәулікке негіzsіз артық төленген іссапар шығындары **9620**-теңгегі күрады. Бұл бұзушылық КР Үкіметінің «КР аумағында іссапар ережесін бекіту туралы» 2000 жылдың 22 қыркүйегіндегі №1428 (кейінгі толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) қаулысының 9-тармағының 1-2 тармақшасының талаптарына қайши келеді.

Барлық негіzsіз артық төленген іссапар шығындары **40851** теңгегі күрады. Бұл сома жергілікті бюджет табысына қайтаруға жатады. (код 206109)

Анықталған бұзушылық (Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2018 жылғы 01 қазандағы №18-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау обьектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыйыптауышының 2.1.1.6 реттік санына сәйкес) қаржылық бұзушылық ретінде Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімінде белгіленді. Жауапты қызметкердің түсініктемесі, растаушы құжастармен бұйрықтар кошірмелері, аванстық есептер кошірмелері, шот фактуралар кошірмелері аудит есебіне №7-көсімша ретінде тігілді).

##### **5.Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.**

Мекеменің теңгерімінде ғимарат қарастырылмаған. Мекеме келісім-шарт негізінде қалалық әкімшілік ғимаратының 210,3 шаршы метр жерінде орналасқан, баланс ұстаушы мекеме «Алакөл ауданы Ұшарал қалалық әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі. 04.01.2017 жылғы №1 және 04.01.2018 жылғы №1 Алакөл ауданы әкімдігінің ғимаратындағы 210,3 ш.м. болатын алаңды уақытша бекітіп беру жөніндегі келісімшарттар негізінде.

Мекеменің пайдаланатын алаңдарының, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 бұйрығына негізделген.

Мекеменің тенгерімінде мемлекеттік тіркеу нөмірі 465AB05 2018 жылы шығарылған «Шевролет Авео» маркалы 1-қызметтік автокөліктегі тіркелген. Автобөлшектер орнату комиссия құрамы жасаған салу актілері негізінде, автокөлікке жанармай жол қағаздары бойынша нақты 100 км жүрілген жолға байланысты мекеме басшысы бекіткеннен кейін есептен шығарылып отырған. Есептен шығару нормаларын анықтауда ҚР Үкіметінің 11.08.2009 жылғы № 1210 «Автокөліктегі және арнайы техникаларға арналған жанармай мен жұмсалатын материалдардың нормалары ережесін бекіту туралы» қаулысын басшылыққа алған. *Бағдарламаның Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшиліктегі және жүйелі проблемалар анықталған жсоқ(Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшиліктегі анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар тізбесі №8 қосымша - аудиторлық есепке қоса тігіледі).*

#### **6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.**

Коммуналдық төлемдерге қаржы жұмсауларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 02 қарашадағы № 1118 «Бюджеттен қаржыланатын мекемелерде электрэнергиясын, жылшыту, ыстық және суық су басқа да коммуналдық қызметтер мөлшерлерін бекіту туралы» қаулысын басшылыққа алған. Интернет және байланыс қызметі үшін төлемдер «Қазақтелеком» АҚ-филиалы-Алматы облыстық телекоммуникация дирекциясы Алакөл аудандық өндірістік телекоммуникация торабымен жасалған келісім шарттар негізінде қойылған есеп шот фактураларымен қаржы аударылып отырған. Көрсетілген қызметтердің бағалары мен тарифтері Алматы облысы бойынша реттелген бағалар мен тарифтерге сәйкес жасалған. Мекеме бұдан басқа коммуналдық қызметтерге төлем жасамаған.

Бағдарламаның Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуы мәселесі тексерілді. *Бұзушылықтар, кемшиліктегі және жүйелі проблемалар анықталған жсоқ(Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшиліктегі анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар тізбесі №8 қосымша - аудиторлық есепке қоса тігіледі).*

#### **7. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.** Мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізуде 2008 жылдың 4 желтоқсандағы № 95-IV Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Бюджет Кодексін, «Есеп саясатын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі № 444 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесін, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 01 тамыздағы № 468 Бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну» Қағидасын басшылыққа алған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540

бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі басшылыққа алғынып, «Парус-КАЗ БЮДЖЕТ» акпараттық бағдарламасында қанағаттандырлық есеп жүргізілген. Жылдық, жартыжылдық есептер толық жасалып, тиісті қосымшаларымен жоғары уәкілетті орындарға белгіленген уақытында тапсырылған.

Бағдарламаның Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығы мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшиліктер және жүйелі проблемалар анықталған жсоқ. (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшиліктер анықталмagan кезіндегі қаралған құжаттар тізбесі №8 қосымша - аудиторлық есепке қоса тігіледі).

#### 8.Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сакталуы:

a). Ауылдық жерлерде тұратын деңсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру. Қазақстан Республикасы Деңсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген «Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік сала мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек тағайындау» стандартына сәйкес, 2017 жылға 1998 адамға 22667,3 мың теңге тағайындалып төленген. Аталған төлем 2018 жылы 1953 адамға 23484,8 мың теңге тағайындалып төленген. Бағдарламаның «Ауылдық жерлерде тұратын деңсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшиліктер және жүйелі проблемалар анықталған жсоқ.

b). Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру. Алакөл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 3-3 «Алакөл ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» шешіміне сәйкес 2017 жылға 205 адамға 24815,4 мың теңге тағайындалып төленген, оның ішінде: 41 студентке 16178,2 Облыс әкімінің гранты, 40 туберкулез індегімен ауыратын азаматтарға 2110,2 мың теңге әлеуметтік көмек, Мерекелі күндерге арналған бір жолғы әлеуметтік көмек 3 Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 350,0 мың теңге, 102 Ауған соғысының ардагерлеріне 5100,0 мың теңге, Чернобыль АЭС-ғы жарылыстан зардап шеккен 18 азаматқа 900,0 мың теңге тағайындалып, төленді. Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне 4 ардагерге 177,0 мың теңге коммуналдық төлемдер төленген. Алакөл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 қаңтардағы № 26-2 «Алакөл ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж

азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» шешіміне сәйкес 2018 жылы 200 адамға 19934,9 мың теңге тағайындалып төленген, оның ішінде: 27 студентке 10481,8 Облыс әкімінің гранты, 55 туберкулез індегімен ауыратын азаматтарға 3417,0 мың теңге. әлеуметтік көмек, Мерекелі күндерге арналған бір жолғы әлеуметтік көмек Ауған соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және ЧАЭС апатының қатысуышылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, барлығы 118 азаматтқа 6000,0 мың теңге тағайындалып төленді. 1 Ұлы Отан соғысының ардагеріне 36,1 мың теңге коммуналдық төлемдер тағайындалып төленген. Бағдарламаның «Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек көрсетуге жұмысалған қаражаттардың негізділігін тексеру» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшиліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

*в). Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз етуін тексеру. г). Мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз етуге бөлінген қаржыны тексеру.* Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік көмек көрсету «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №114-IV Заңына сәйкес әзірленген «Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №165 бұйрығы талаптарына сай жүргізіледі. Алакөл аудандық маслихатының 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 3-4 «Алакөл ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмысашан шығындарын өндіріп алу мөлшерін және тәртібін айқындау туралы» шешіміне сәйкес 2017 жылы 74 өтініш білдірушіге 2916,0 мың теңге үйде оқытылатын мүгедек балаларға қосымша әлеуметтік көмек тағайындалып төленген. Аталған төлем 2018 жылы 74 өтініш білдірушіге 3451,2 мың теңге тағайындалып төленген. Бағдарламаның «Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз етуін тексеру» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшиліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

*д). Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсетуге жұмысалған қаражаттардың негізділігін тексеру.* Алакөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар белімінде жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге және мүмкіншілігі шектеулі балаларға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету белімшелері жұмыс атқарады. Штаттық кестеге сәйкес: 2 белімше менгерушісі, 1 кенесші маман және 32 әлеуметтік қызметкер жұмыс істейді. Өз жұмысында үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету белімшелері Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 114 «Арнаулы әлеуметтік қызмет туралы» Заңына және Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес «Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына» сәйкес қызмет көрсетеді. 2017 жылы 188 адам (өсу ретімен) жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге және мүмкіншілігі шектеулі балаларға қызмет көрсетілді. Оның ішінде: 2017 жылы тіркеуге алынған – 81,

есептен шыққандар саны – 82 адамды құрады. 2017 жылдың 31 желтоқсанына қызмет алушылардың саны – 188 адамды құрады. 2018 жыл 181 адам (өсу ретімен) жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге және мүмкіншілігі шектеулі балаларға қызмет көрсетілді. Оның ішінде 2018 жылы тіркеуге алынған – 4, есептен шыққандар саны – 6 адам құрады. 2018 жылдың 31 желтоқсанына қызмет алушылардың саны – 181 адамды құрады.

*Бағдарламаның*

*мұқтаж азаматтарға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге жүргізілген қараждаттардың негізділігін тексеру» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшиліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.*

**н). Тұрғын үйге көмек көрсетуге жүргізілген қараждаттардың негізділігін тексеру.** Алакөл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 3-5 «Алакөл аудандағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы» шешіміне сәйкес 2017 жылы 58 өтініш білдірушіге 2252,4 мың теңге тұрғын үй көмегі тағайындалып төленген. 2018 жылы 44 өтініш білдірушіге 2449,0 мың теңге тұрғын үй көмегі тағайындалып төленген. *Бағдарламаның «Тұрғын үйге көмек көрсетуге жүргізілген қараждаттардың негізділігін тексеру» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшиліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.*

**ж). 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақыларға жүргізілген қараждаттардың негізділігін тексеру.** Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы №63 «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Занына, «Балаларға арналған жәрдемақы алуға үміткер отбасының жиынтық табысын есептеу қағидалары» туралы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 319 бұйрығына сәйкес 2017 жылға 393 өтініш білдірушіге 1408 балаға 25956,1 мың теңге 18 жасқа дейінгі балаларға берілетін жәрдемақы тағайындалып төленген. 2018 жылға төленбеген. *Бағдарламаның «18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақыларға жүргізілген қараждаттардың негізділігін тексеру» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшиліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.*

**е). Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз етуге жүргізілген қараждаттардың негізділігін тексеру.** 2015 жылғы 22 қантардағы КР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Мүгедектерді оңалтуудың кейір мәселелері туралы» № 26 бұйрығына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсетуі бойынша 2017 жылы 245 адамға гигиеналық құралдар берілген және жеке көмекші қызметі 140 адамға, ымдау тілі мамандарының қызметі 4 адамға қызмет көрсетілген. 2018 жыл 242 адамға гигиеналық құралдар берілген және жеке көмекші қызметі 145 адамға, ымдау тілі мамандарының қызметі 6 адамға қызмет көрсетілген. *Бағдарламаның «Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке*

көмекшілермен қамтамасыз етуге жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру» мәселесі тексерілді. Бұзуышылықтар, кемшиліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

с). «*Өрлеу*» жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізудің негізділігін тексеру. «Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2016 жылға арналған республикалық бюджеттен «*Өрлеу*» жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті ендіруге берілетін ағымдағы нысаналы трансфертерді пайдалану қафидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 4 наурыздағы №133 қаулысы негізінде ағымдағы нысаналы трансфертерді облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің пайдалану тәртібі айқындалған. Осы бойынша республикалық бюджеттен бөлінген қаражатпен қатар жергілікті бюджет есебінен 025 «Жергілікті бюджет есебінен «*Өрлеу*» жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті ендіру» бағдарламасымен 2017 жылы 14400,0 мың теңге бөлініп, жұмсалған. Бағдарламаның «*Өрлеу*» жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізудің негізділігін тексеру» мәселесі тексерілді. Бұзуышылықтар, кемшиліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

к). Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 246 «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңына сәйкес 2017 жылы 11 өтініш берушіге 71 отбасы мүшелеріне 1235,0 мың теңге мемлекеттік атаулы көмек тағайындалып төленген. 2018 жылы 374 өтініш берушіге 2034 отбасы мүшелеріне 75121,8 мың теңге мемлекеттік атаулы көмек тағайындалып төленген. Бағдарламаның «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру» мәселесі тексерілді. Бұзуышылықтар, кемшиліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

п). Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру. Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының үшінші кезеңін (2016 – 2018 жылдар) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі №213 қаулысына сәйкес мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру қызметі бойынша (инватақси қызметі) 2017 жылы 3777,0 мың теңге төленген. Жұмыстарды атқару туралы актілері жасалған. Аталған қызмет бойынша 2018 жылы 4377,0 мың теңге төленген. Бағдарламаның «*Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру*» мәселесі тексерілді. Бұзуышылықтар, кемшиліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

#### 9. Мемлекеттік органның құрделі шығыстарының негізділігін тексеру.

2017-жылы 021 - «Мемлекеттік органның құрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2017 жылғы 15 наурыздағы №14 келісім шарт негізінде

«Мекен . kz» ЖШС-мен келісім шарт негізінде 126,0 мың теңгеге оның ішінде: 1-дана КР Елтаңбасы-70,0 мың теңгеге, КР Туы-25,0 мың теңгеге және 1-дана Мемлекеттік рәміздер стендті-31,0 мың теңгеге сатып алынды. 2017 жылғы 17 наурыздағы № 18 келісім шарт негізінде "Ардак и К" - Есимканов Ардак Сайлаубаевич" ЖК-ден 1-дана компьютер 174,0 мың теңгеге сатып алынды.

2018-жылды 021 – «Мемлекеттік органның құрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2018 жылғы 16 наурыздағы №40 келісім шарт негізінде «Цифорлық технология» ЖШС-нен 1-дана компьютер қосалкысымен- 113,4 мың теңгеге, 2018 жылғы 14 наурыздағы №38 келісім шарт негізінде «Нұрлы Жиһаз» ЖШС-нен 1-дана бухгалтерлік шкаф-82,3 мың теңгеге, 2018 жылғы "AZIZNUR" ЖШС-нен 1-дана былғары креслосы-50,0 мың теңгеге, 2018 жылғы "Гауһар" ЖК-ден 1-дана былғары креслосы-50,0 мың теңгеге сатып алынды.

Алынған тауар-материалдық құндылықтар мекеме есебіне кіріске уақытымен алынып, қолданысқа жіберілген. (*Тауар материалдық құндылықтарды тексеріп қарастырылған жағдайда аудиторлық есепке №9 қосымша ретінде түркелді*). Бағдарламаның Мемлекеттік органның қурделі шығыстарының негізділігі мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшиліктіктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшиліктіктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар тізбесі №8 қосымша -аудиторлық есепке қоса түркеледі).

**10. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер. Туындаамады.**

### **III. Қорытынды бөлік**

**Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:**  
Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) Сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау: Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігін ескере отырып, келесідей мәнділік деңгейі айқындалды: аудит жүргізу барысында аудит бағдарламасымен қамтылған соманың, яғни 362054,9 мың теңгенің бір пайызы сомасында нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкесіздік, бұзушылықтар анықталуы. Аудиторлық тәуекел деңгейлері – жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп-айырысуладың және еңбекақы есептеу және төлеу құжаттарының тексерілмеген түпнұсқалары. Іріктеу параметрлері – 2017 жылдың 1 қаңтарынан 2018 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғандағы мерзім бойынша ұсынылған бюджеттік етінім қосымшаларымен бірге - толығымен, келісім – шарттар – толығымен, еңбекақы есептеу және төлеу құжаттары – әрбір үшінші құжат қаралды, іс-сапар құжаттары - толығымен, пайдаланатын аландар бойынша құжаттардың түпнұсқалары – толығымен, жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп-айырысуладың түпнұсқалары әрбір екінші құжат қаралды, 2017 - 2018 жылдардың қаржылық есептіліктері толығымен тексерілді. Іріктеліп тексерілген құжаттардан нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкесіздіктер анықталмағандықтан, тәуекел деңгейі жоғарылаған жоқ. Жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп-айырысуладың және еңбекақы есептеу және төлеу құжаттарының іріктеу алғанынан басқалары тексерілмеді. Аудиторлық есептің негізгі бөлігінде көрсетілген аудит бағдарламасының

мәселелері бойынша қаралған сұраптардың, аудит барысында аныкталған бұзушылықтар сомасы аудитпен қамтылған қаражаттың шамамен 0,01 пайызын курап отыр. Аудит бағларламасының басқала мәселелері бойынша жоспарланып, жұмысалған қаражаттардың, жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге, койылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес игерілгені аныкталды.

Жүргізілген аудиторлық іс-шара нәтижесі бойынша мемлекеттік мекемеде аудит мақсатына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де кателердің көлеміне, ал мекеменің қазіргі лауазымды тұлғаларының зан бұзушылықтарға жол бермеуіне жауапкершілік алуларын, бюджетке келтірген нұксанның аудитпен қамтылған қаражат көлеміне шаққанда пайыздық мөлшері аз екенін ескере отырып, қанағаттанарлық деңгейде деген шікір ұсынылады.

**Мемлекеттік аудит жүргізудегі қедергілер:** Болған жоқ.

**Аудит барысында қолданылған шаралар:** Болған жоқ.

#### **IV. Қосымшалар:**

- 1) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап №1 қосымшасы (2 парагта);
- 2) Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша аныкталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі №2 қосымша (3 парагта);
- 3) №1-кесте: Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы акпарат №3 қосымша (6 парагта);
- 4) Аныкталған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы туралы апта сайынғы есеп №4 қосымша (1-парагта);
- 5) Мекеме басшысының ұсыным хаты №5 қосымша (1 парагта);
- 6) Аудит объектісінің құрылтай құжаттары №6 қосымша (6-парагта);
- 7) Аныкталған бұзушылықтар бойынша түсініктеме, бүйректар мен аванстық есептер копірмедері №7 қосымша (15-парагта);
- 8) Аудиторлық бағдарламаның сұраптары бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаган кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №8 қосымша (1-парагта);
- 9) Тауар материалдық құндылықтарды тексеріп қарастыру акті №9 қосымша (1 парагта)

**Тексеру комиссиясының қызметкери:**

**Бас маман – мемлекеттік аудитор**

  
**Д.Әлімханов**

**Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар:**

(лауазымы)

есеп екі данада жасалды: мемлекеттік мекемесіне;

(қолы, аты-жоні, тегі) Аудиторлық  
1-ши дана № 007748 бланкте: «Алматы облысы бойынша Тексеру комиссиясы»  
2-ши дана № 007747 бланкте: «Алакөл ауданының жұмыспен қамту және  
әлеуметтік бағдарламалар болімі» мемлекеттік мекемесіне.



